

СЕКЦИЯ – 1

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ИСА - ДОСАН БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСТІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

ДЖУМАЛИЕВА Л.Т.

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, «Тарих және философия» кафедрасының
меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

1867-1868 жылдарда «Уақытша Ереже» қазақ халқының өміріне рыноктық элементтерді жеделдетуімен бірге, 1868-1870 жылдарда көтерілісті туғызған өткір қайшылықтарды да тереңдете түскен еді. Соның бірі Маңғыстау жеріндегі 1870 жылғы қазақтар көтерілісі еді. Негізінен мал шаруашылығымен күнкөріс жасаған жергілікті халық жан-жақтан зорлық-зомбылыққа, қиянатшыл қысымға үздіксіз ұшырады. Байтақ қазақ жерінің түкпір-түкпірінде халық көтерілістері бірінен соң бірі бұрқ етіп отырды. Соның бірегейлерінің қатарына 1870-1873 жылдарғы Маңғыстау шаруалар көтерілісінің жататынын ғалымдар, тарихшылар дәлелді тұжырымды етіп, бүгінгі және кейінгі ұрпаққа баян ете білді [1].

1868 жылдың 21 қазанында Ресей патшасы бекіткен Уақытша ереже келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап, тәжірибе ретінде екі жыл ішінде жүзеге асырылуға тиіс болатын. Патша өкіметінің Маңғыстау қазақтарына Уақытша ережені енгізу жөніндегі алдын-ала белгілеп қойған жоспарларының жүзеге асуына Кіші жүз қазақтарының 1869 жылғы көтерілісі кедергі болды. Бұл өлкенің негізгі халқы-адай руы жаңа реформаны күрессіз қабылдамайды деп қауіптенген патша әкімшілігі «Уақытша Ережені» жүзеге асырудың қолайлы жағдайларын қарастырды [2].

1869 жылы Маңғыстау приставы болып тағайындалған подполковник Рукин дала тұрғындарының жағдайымен санаспай, адайлардан 1869-1870 жылдар үшін түтін салығын жаңа тарифке сай біржолата жинауды талап етті. Көптеген жергілікті тұрғындар, соның ішінде Бозашы түбегінің балықшы жатақтары Рукин талабын орындаудан бас тартты. Бұрынғы бір жылдық салық мөлшерін, үш есеге жуық өсірді. Үй санын дәл есепке алуды, ел

билеушілерін сайлап қоюды, уездік соттарды тағайындауды, жерді мемлекет меншігі деп тануды, ру-рудың орнына болыстар мен ауылдарға бөлінуді, паспорт жүйесін енгізуді талап етті.

Маңғыстау қазақтары бұрын-соңды мұндай оқыс қысымға кезікпеген еді. Байтақ даланың өзіне тән кеңпейілділік дәстүрінен өзге заңға мойынсұнбаған болатын. Оның үстіне кез-келген салықты төлеуге мүмкіндігі жоқ еді. Патша өкіметінің отарлау саясатын ұстанған жергілікті әкімдер қазақтардан алынатын алым-салықтың түрлерін де көбейте түсті. Бұл кезде Каспийден арғы өлкеге бойлай түсу саясатын мықтап ұстанған патшалық Ресейдің, осы мақсатқа байланысты әскери операцияларының ауыртпалықтары да жергілікті қазақтардың мойнына түсті.

Сол кезде Кіші жүз қазақтарының бәрінің де басына төнген бұл қиындық, әсіресе, Маңғыстау қазақтарына зор ауыртпалығын туғызды. Олар бұл кезде бір жағынан Батыс Орданы билейтін сұлтандарға алым-салық төлесе, екіншіден, патша өкіметіне алым-салық төлеуге міндетті болды. Оның үстіне жиі-жиі Хиуа хандығы ұшыр, зекет салықтарын жинап әкететін. Бұл кезеңде Маңғыстау қазақтарын тығыз топтастырып, басын біріктіріп отырған, саяси-экономикалық, территориялық бірлестік те жоққа тән еді. Он топқа бөлінген маңғыстаулықтарды он сардар билейтін. Оның бесеуі жоғары адайлар дистанциясының бастығына бағынса, қалған бесеуі төменгі адайлар дистанциясының бастығына қарасты болды [3].

Жаңа ереженің енгізілуіне және патша әкімшілігінің езгісінен әбден титықтаған көтерілістің негізгі қозғаушы күші- қазақ шаруалары малшы Досан Тәжіұлы мен старшина Иса Тіленбайұлы болды. Иса Тіленбайұлы патша үкіметінің отарлаушылық саясатына қарсы 1870-1873 жылдардағы Маңғыстау қазақтары көтерілісі басшыларының бірі, халық батыры, ақын, би болды. Мұрын жырау деректеріне қарағанда 1840-1910 жылдары өмір сүрген делінеді. Иса, Досан сарбаздары Кавказдан жіберілген жазалаушы отрядпен де шайқасады. Бірақ қарулы қолға төтеп бере алмай, көтерілісшілер шегінуге мәжбүр болады. Иса, Досан көтерілісшілері 1872-1873 жылдар Хиуа жағында, Хиуа, Арал теңізі аралығында жүрген көптеген ауылдарда болып, Хиуа, Үстірт бетіне үдере көшеді.

1873 жылы патша үкіметі Хиуаны жаулап алғаннан кейін, жер-жерге көтерілісшілерді жазалаушы жасақтарды шығарады. Көп жыл ат үстінде жүрген Иса, Досан сарбаздары үй-ішін, ел-жұртын сағынады, жадап-жүдеп бірте-бірте сирей бастайды. 1874 жылы жазда жазалаушылар Үстірт өңірінде

Досан батырды қолға түсіреді, Иса да елге оралады. Фортқа келіп, ұлық алдында жасаған істерін баяндап, халқы үшін қызмет ететіндігін айтады.

1874 жылы патша әкімдері оның ел алдындағы беделінен қаймығып, қайтадан халық наразылығын тудырмас үшін Исаға кешірім береді. Ол отыз жылдан астам болыс болады. Иса Тіленбайұлы әр кез халық мұратын көксеген аузы дуалы шешен, айтулы ер, сері ақын, мерген, құсбегі, саяшы адам болған. Исаның көтеріліс кезінде және өзге уақытта шығарған «Күйкеннен аттанарда», Хиуаға кетерде», «Болыс болып жүргенде», «Досанды жоқтауы» сияқты тағы басқа да өлеңдері бар. Иса, Досан ерлігін Ақтан, Бала Ораз, Қашаған, Сәттіғұл ақындар да жырлаған [4].

Көтеріліс шағын сипатта болғанымен, оның географиялық шеңбері ауқымды болып, «Уақытша Ереженің» жүзеге асырылуын қиындата түсті. Көтеріліс аяусыз жаншылды. Бірақ оның тарихи маңызы зор еді. Маңғыстау даласында болған патша отарлаушыларына қарсы наразылықтың бір көрінісі ғана емес, Рукиннің отрядына қарсы бас көтерген адайлардың шағын тобы алты мың адамға, артынан он мың адамға дейін жеткен барлық еңбекші адай тайпаларының барынша белсенді, ең ұзаққа созылған күресі болды. Оны ұйымдастырушы және басқарушы халық батыры атанған Досан Тәжіұлы да болды. Бұл көтерілістің өзінің мақсаты мен міндеті жағынан отарлауға қарсы, ал қозғаушы күші жағынан алғанда, бұл көтерілістің нақты шабуылдық сипатта болды.

1870 жылғы Маңғыстау қазақтары көтерілісінің орыс патшалығын дүрбелеңге түсіріп, оның дүмпуінің Ресейден асып, шетелдерге жетуі де осы Рукин өліміне байланысты болды. Жаңа қылышпен, санаулы ғана ши мылтықпен, сойылдармен қаруланған, соғыс әдістерінен бейхабар қыр қазақтары Ресейді үлкен дүрбелеңге түсірді. Сонымен қатар, жеңіліс тапқанына қарамастан, төрт жыл бойы қаруларын тастамай жазалаушыларға қарсы жанкештілік ұрыс жүргізулері де халықтың қайтпас қаһармандығын, тәуелсіздік жолында табандылықпен тірескендерін паш етуге болады. Бұл көтеріліс кезінде мыңдаған қандастарымыз да құрбан болды.

Патшаның жазалаушы отрядтары елді ойрандап, малды талауға түсірді. Орыс отарлаушылары салған сол бір зобалаңда көптеген туысқандар ата-мекенін тастап, өзбек, тәжік, түрікмен, иран, түрік елдеріне ауып кетуге мәжбүр болды. Олардың ұрпақтары енді-енді ғана біртіндеп, ата мекендеріне оралып жатыр. Иса, Досан батырлар азаптаудың қандай жолына болса да төзіп, ақырғы демі біткенше патша отарлаушыларына бас имей, тәуелсіздік жолында шейіт болуына назар аударар болсақ, отаршылдыққа қарсы қазақ

жерінде болған көтерілістер басшыларының қай-қайсысының көрген азаптарынан да тым ауыр болғандығы аңғарылады. Иса, Досан сияқты қайсарлық пен қарыспастықтың, табандылық пен төзімділіктің, ептілік пен өзге батырларға ұқсамайтын ерекше бір ерлік қасиеттің, әруақтылықтың, туған елін, жерін шексіз сүйетін абзал жанды, үлкен патриоттықтың бәрін бір басына жиған хас батырдың есімі бүкіл қазақ халқы үшін қастерлі тұлғалардың қатарынан орын алса, орынсыз болмас еді [5].

Сөйтіп, бұқаралық сипатына қарамастан, көтерілістің негізгі қозғаушы күші - қазақ шаруалары өз қатарларын берік біріктірудегі қол жеткізе алмады. Мұның өзі саны жөнінен болмашы жазалаушы отрядтардың халық қарсылығының негізгі ошақтарын тұншықтыруына мүмкіндік берді. Қазақ шаруаларының рулық тар өрісті мүдделері отаршыл империяның әскери құрамаларының өзінің ұйымдасуы жағынан едәуір кем түскен көтерілісшілер жасақтарындағы тұрақтамаушылықты туғызды. Көтерілістің ішінара рулық үстем топқа, ал кейде жоғары көшпелі ақсүйектерге жататын басшылары екі жүзділік көрсетіп, әр түрлі тұрғыдағы көзқарас ұстанды.

Маңғыстау қазақтарының патша отарлаушыларына қарсы көтерілісінің мән-маңызын жете ұғынып, оның бастаушылығы болған Иса, Досан сияқты батырларымызды, көтеріліске қатысып, ерлікпен шейіт болған басқа да батырларды қадіріне жетіп, қастерлейтін болсақ, олардың ерліктерін, есімдерін есте қалдырарлық бүгінгі кейінгі ұрпақтарға үлгі мұра етерлік келелі бір игілікті істер көрініс табуы тиіс.

Қорыта келсек, Иса Тіленбайұлы Ресей патшалығының езгісіне қарсы Маңғыстау шаруаларының көтерілісін бастап, бес жыл кескілескен соғыста жеңіліске ұшыраған соң, Фортта кепілдікке ұсталған пікірлестері мен тумаластарын тұтқыннан босатып алу үшін өзі келіп уезд басқармасына берілген. Сол кездегі патша саятшылары Иса Тіленбайұлының ісі туралы Ресей патшасына арнайы хат жолдап хабарлаған.

1873 жылдан бастап өмірден озғанша Иса Тіленбайұлы уездің 2 Түпқараған болысын басқарған. Иса атақты әруақты батыр, әділетті би болуымен қатар, ақын, құс алған саяткер аса мерген болған.

Көп жыл бойы тарих беттерінен өзінің лайықты орнын ала алмай келген осындай бабаларымызды жас ұрпаққа үлгі етер заман туды. Өшкенімізді жандырып, өлгенімізді тірілтер кез келді. Сөйтіп, олардың Қазақстан тарихынан, әдебиетінен өз орындарын алуына барынша қамқорлық жасау, бүгінгі ұрпақтың басты міндеті болуға тиіс деп есептеймін.

Жас ұрпақты халқымыздың дәстүрі мен салты, елдігі мен ерлігі рухында тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Жас ұрпақты бабалар рухында тәрбиелеудің құралдары теледидар, баспасөз, ұлы бабаларымыздың өмірі мен күресі жөнінде сценариилер жазып, кино түсіру, телефильмдер жасап, теледидардан хабарлар беру кеңінен қолға алынса, бұл секілді шаралардың түптеп келгенде жеткіншек жас ұрпақты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде ықпалды әсері болары сөзсіз. Бабалар есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында олардың мерей тойларын жергілікті жерлерде ғана емес, республикалық дәрежеде өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру, олардың есімдерін елді мекендерге, көшелерге беруді жалғастырып отыру қажет деп ойлаймын. Олай болса, бұл ұлы бабалар мектепте, орта арнаулы және жоғары оқу орындары бағдарламаларында кеңінен орын алып, жастардың сүйіп оқитын оқулығына ерлікке, адалдыққа үйретер кітабына айналуға тиіс деп ойлаймын.

Иса Тіленбайұлы мен Досан Тәжіұлы құрметіне орнатылған ескерткіш кесене бүгінгі таңда халықты имандылыққа тәрбиелейтін осындай ұлағатты орынға айналатынына, мұның мәңгілік екеніне де сеніміміз мол. Ұрпағыңызды әрқашанда желеп-жебей жүріңіз бабалар.

Әдебиеттер:

1. Өмірзақ Озғанбай. Ұлы бесін. Алматы, 2010 ж., 115 бет
2. Әбілқайыр Спан. Иса Тіленбайұлы. Алматы, 2004ж.
3. Қазақстан тарихы. 3 том. Алматы, 2002 ж., 419 б.
4. Алтын Орда газеті, Досан батыр һәм патшалық Ресей. 2001ж., 16 ақпан.
5. Үш қиян газеті, Иса Тіленбайұлы. 2005ж., 7шілде.
6. Атамекен. 2000ж., 16 ақпан.

Восстаниям в 1868-1870 гг., одно из которых произошло в 1870 году на Мангитауской земле, предшествовали «Временные положения» царского правительства. В данной статье описывается восстание казахов Младшего жуза против данного указа.